

"КамАЗ" автомобильдерінің қуат агрегаттарының тораптары мен бөлшектерін республиканың кәсіпорындарында жасауды үйімдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 18 маусым 1993 ж. N 512

"КамАЗ" акционерлік қоғамының қозғаыштар шығаратын зауытының істен шығуына байланысты республикаға "КамАЗ" автомобильдерінің қуат агрегаттарын және оған көптеген қосалқы бөлшектерді жеткізу тоқтатылады.

Бұл қалыптасқан жағдай пайдаланылып отырган "КамАЗ" автомобильдері паркін техникалық жабдықтауды барынша қынданатып, барлық халық шаруашылық кешенінің көлікке деген қажетін қанағаттандыруға кері әсерін тигізеді.

"КамАЗ" автомобильдерінің тұрақты қызмет атқаруын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп министрлігінің Қазақ мемлекеттік "Қазавтокөлік" концернінің, автомобиль жөндеу кәсіпорындары мен бірқатар мәшине жасау зауыттарының "КамАЗ" автомобильдерінің қуат агрегаттарының тораптары мен бөлшектерін бұйымдарды дайындайтын және жинақтайтын "КамАЗ" акционерлік қоғамының кәсіпорындарымен тікелей шарт бойынша беріп тұру негізінде жасауды үйімдастыру жөніндегі ұсыныстары қабылдансын.

2. "Петропавл ауыр мәшине жасау зауыты" өндірістік бірлестігі, Семей мәшине жасау зауыты бір ай мерзім ішінде өндірісті дайындасын және N 1 қосымшаға сәйкес номенклатурада және көрсетілген мөлшерде "КамАЗ" автомобилінің беріліс қорабының бөлшектерін жасауды үйімдастырын.

3. Жамбыл, Павлодар автомобиль жөндеу зауыттары мен "Сайман" акционерлік қоғамы (Талдықорған АЖЗ) өздерінде және басқа мәшине жасау зауыттарында шығарылатын бөлшектер негізінде "КамАЗ" автомобильдерінің беріліс қораптарын N 2 қосымшаға сәйкес мөлшерде күрделі жөндеуден өткізуді қамтамасыз етсін.

4. "Іскер" акционерлік қоғамы (N 1 АЖБ) қайта қалпына келтіру жұмыстарын қеңейту және бөлшектерді жасау жолымен биылғы жылы "КамАЗ" автомобилінің қозғаыштары мен тіркеу механизмдерін күрделі жөндеу көлемін тапсырыс берушілер сұранымы мөлшеріне жеткізсін, ол үшін бұйымдарды дайындалап және жинақтап беріп тұратын "КамАЗ" акционерлік қоғамымен тікелей шарт жасассын.

5. Алматы "Поршень" зауыты үстіміздегі жылдың аяғына дейін өндірісті гильза (қауыз) шығаруға дайындасын, ал Тоғызақ механикалық зауыты - "КамАЗ" қозғаыштарына жылына 200 мың дана поршень жасау бағдарламасына әзірленсін.

6. Қазақ мемлекеттік "Қазавтокөлік" концерні Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігімен бірлесіп, дайындаушы кәсіпорындарды "КамАЗ"

акционерлік қоғамы арқылы дайындағаммен, жинақтама бұйымдармен, арнаулы құралдармен, техникалық құжаттармен қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын және оларға өндірісті дайындау жұмыстарын қаржыландыруға көмек көрсетсін.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі "КамАЗ" автомобилінің қуат агрегаттарының тораптары мен бөлшектерін шыгаруға өндірісті дайындау жұмыстарын қаржыландыру үшін, дайындағамалар мен жинақтау бұйымдарына төлеу үшін 1993 жылы экономиканы қайта құру қорынан N 3 қосымшаға сәйкес қаржат бөлсін.

8. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі мен

"Қазавтокөлік" концерніне осы жылдың аяғына дейін республикада "КамАЗ" автомобилінің қозғаыштарына толық жиынтықты беріліс қорабын, тораптар мен бөлшектер жасау мәселесінің мүмкіншілігін тексеріп, пысықтау тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 18 маусымдағы
N 512 қаулысына
N 1 қосымша

1993 жылы "КамАЗ" автомобиліне бөлшектер

жасаудың көлемі

(Кесте)

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 18 маусымдағы
N 512 қаулысына
N 2 қосымша

1993 жылы "КамАЗ" автомобилінің беріліс

қораптарын құрдепті жөндеудің көлемі

(Кесте)

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 18 маусымдағы
N 512 қаулысына
N 3 қосымша

1993 жылы "КамАЗ" автомобильдерінің қуат
агрегаттарының тораптары мен бөлшектерін жасау
үшін өндірісті дайындауға және оны игеруге экономиканы
қайта құру қорынан бөлінетін күрделі қаржының көлемі
(Кесте)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК